



АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№34
(956)

Сейсенбі, 23 тамыз 2016 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады



Құрметті солтүстікқазақстандықтар!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мерекенің біздің еліміз үшін маңызы зор. Конституция қоғамдағы саяси тұрақтылықтың, азаматтық татулық пен ұлттық келісімнің көпірі болып табылады.

Еліміздің Ата Заңы әр қазақстандыққа ең маңыздысы - сайлау құқығын және өз бостандығын қорғау мүмкіндігін береді. Тәуелсіздік-бұл болашақ ұрпаққа тапсыру үшін көздің қарашығындай сақтайтын және нығайтатын біздің байлығымыз. Қазақстанның өз дамуының 25 жылы ішінде қол жеткізген табыстарының барлығы- егемендік пен сенімді құқықтық негіздің жемісі.

Президент Н.Ә. Назарбаевтың стратегиялық саясатының нәтижесінде біздің елімізде өзіміздің «қазақстандық даму жолы» қалыптасты. Оның эволюциялық сипаты бар және басқаларына мүлдем ұқсамайды. Осызаманғы мемлекеттің саяси жүйесінің сенімді іретасын қалау оның негізіне алынған.

Бүгіндері Қазақстан әлемдік қауымдастықта өзінің лайықты орнын алып отыр. Біздің еліміз барлық Орта Азия өңірінде заңды түрде көшбасшы және сенімді серіктес болып саналады.

Әрбір күн біздің мемлекетіміздің алдына жаңа перспективалар ашады.

Конституция қолданысқа енгізілген жылдары ішінде жинақтаған тәжірибеміз ішкі міндеттерімізді шешуге, сондай-ақ заманның жаңа талаптарына тиімді жауаптар беру үшін қажет болуда.

Республика Президентінің «100 нақты қадам» Ұлттық жоспары біздің елімізді мемлекеттік құрылыстың жаңа тарихи деңгейіне көтеріп отыр. Бұл стратегиялық бағдарлама қазақстандықтардың өмір сүру сапасын жақсартуға, біздің еліміздің Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдер жүзеге асыратын жоғары әлеуметтік стандарттарға қол жеткізуіне бағытталған.

Негізгі Заңның талаптарын қатаң сақтай отырып, Қазақстанның нығаюы мен гүлденуі біздің бірлігімізге, біздің бірлескен күш-жігерімізге тәуелді екеніне нық сенеміз.

Солтүстік Қазақстан облысы ырғақты даму үстінде. Өңірімізде жаңа кәсіпорындар іске қосылуда, жұмыс орындары ашылуда, тұрғын үйлер мен әлеуметтік мақсаттағы нысандар бой көтеруде, агроөнеркәсіптік кешен жоғары қарқынмен даму үстінде.

Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен барлық солтүстікқазақстандықтарды шын жүректен құттықтаймын. Әрбір отбасына бақыт, мықты денсаулық, игілік, біздің Отанымыз-Қазақстан Республикасының гүлденуі жолында жаңа табыстар мен жетістіктер тілеймін!

Ерік СҰЛТАНОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

Құрметті жерлестер!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Отанымыздың барлық жетістіктері – Ата Заңының және оның негізінде қабылданған заңдардың жұмыс істеуінің арқасында қол жеткізіліп, заңдылық мемлекет болып қалыптасты.

Біз ерекше бір мақтанышпен Мемлекет басшысы, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жүргізіп отырған саликалы да, сындарлы саясатының арқасында өткен ғасырдың аяғында әлем картасында егеменді мемлекет Қазақстан Республикасы пайда болып, ал жалпыәлемдік саясатта «қазақстандық даму жолы» деген жаңа ұғым енді.

Еліміздің Конституциясы мемлекеттік заң институттары мен қоғамның өркендеуі мен нығаюына жол ашты. Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік және мәдени потенциалдарының дамуы үшін жағдай туғызды. Мемлекет пен қоғам арасында демократиялық жаңаруға жаңа мүмкіндіктер ашылып, Отанымыздың біртұтас халқын құрайтын барлық ұлт пен ұлыстардың өкілдері үшін тең дәрежедегі құқықты қамтамасыз етті.

«100 нақты қадам» жоспарының 5 институционалдық реформаларының бірі - Заңның үстемдігін қамтамасыз ету. Қалыптасқан Заңның үстемдігі арқасында қоғам мен мемлекетіміз тұрақты әрі қарқынды даму жолына түседі, мемлекеттік органдардың абырой-беделі нығаяды. Конституциямыздағы талаптарды сақталуын қамтамасыз ете отырып, азаматтық борышымыз өскелең ұрпақтың бүгінгі мен болашағы үшін тынбай еңбек етуіміз керек.

Қымбатты айыртаулықтар!

Биыл еліміз Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейтойына қадам басты. Осы жылдар ішінде Ата Заңымыздың арқасында Еліміз сенімді және серпінді дамып келеді.

Шын жүректен сіздерді бұл жарқын мейрам – Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтаймын!

Сіздерге зор денсаулық, келісім, бейбітшілік және әр жанұяға игілік тілеймін! Біздің ортақ үйіміз – Қазақстан Республикасы әрі қарай гүлденіп, нығая берсін!

Ағзам ТАСТЕМИРОВ,
Айыртау ауданының әкімі.

Жағымды жаңалық

ЖЕРЛЕСІМІЗ ЭЛЬМИРА СЫЗДЫҚОВА – РИО ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕРІ



18 тамыз күні Бразилияның Рио-де-Жанейро қаласында өтіп жатқан XXXI жазғы Олимпиада ойындарында әйелдер арасында 69 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде күрескен жерлес палуан Эльмира Сыздықова Рио Олимпиадасының қола жүлдесін ұтып алды.

жанкүйер ретінде бірге барған. Ал кіші бауыры Қорғанбек Каменный Брод орта мектебінің 9 сынып оқушысы.

Эльмираның ең алғашқы ірі жарыстарының бірі – Ташкентте өткен кадеттер арасындағы Азия чемпионатында топ жарған қазақ қызы жұрттың назарын өзіне бірден аударды. Сол кездің өзінде-ақ ол болашағынан мол үміт күттірген балуандар санатына қосылды. Жалпы, өзінің 24 жасына дейін Эльмира Сыздықова күрес әлемінде талай биіктерді бағындырып

үлгерген. Кадеттер арасындағы Азия чемпионы (2008), Кадеттер арасындағы Азия чемпионатының күміс жүлдегері (2009), Жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатының қола жүлдегері (2010), Жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатының қола жүлдегері (2011), Жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионы (2012), Голден Гран-при күміс жүлдегері (2013), Дмитрий Миндиашвили атындағы күрес Академиясының жүлдесі үшін өткізілген халықаралық турнирдің жеңімпазы (2013), әлем және Азия чемпионатының



24 жастағы Э.Сыздықова қола медаль үшін таласта 27 жастағы мысырлық Энас Мо-стафаммен белдесті. Бірінші кезеңде қазақ қызы төрт ұпай, ал қарсыласы бір ғана ұпай жинады. Екінші кезең 3:3 есебімен аяқталды. Қорытынды есебі 7:4 болып, отандасымыз қола медальға қол жеткізген болатын.

Осылайша Эльмира Сыздықова Қазақстан Ұлттық құрамасының қоржынына сол күні 12-ші медаль салды.

Өңіріміздің тумасы Эльмира Сыздықованың Рио Олимпиадасындағы қола жүлдеге қол жеткізген жеңісіне ортақтасқан облыс әкімі Ерік Сұлтанов өзінің арнайы құттықтауын да жолдады.

Осы күні қуанышты хабарды естісімен аудан әкімі Ағзам Тастеміров Каменный Брод ауылына Эльмираның ата-анасының үйіне арнайы барып, қыздары Эльмираның жеткен жеңісімен құттықтап, оларға арнайы құттықтау хаты мен сыйлығын табыстады.

Эльмира Әнуарбекқызы 1992 жылы ауданымыздың Каменный Брод ауылында дүниеге келген.

1-7 сыныптарды Каменный Брод орта мектебінде оқып, сегізінші сыныптан бастап Қарағанды қаласындағы Әлия Молдағұлова атындағы спортқа бейімді, дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-интернаттың күрес бөлімінде оқуын жалғастырады.

Қарағанды спорт мектебінің қыздар күресі бөліміне қабылданған Эльмира Сыздықова аталмыш білім ордасында білікті бапкерлердің қарауында жаттығады.

Эльмираны жастайынан спортқа баулыған әкесі Әнуарбек Аманжолұлының ерен еңбегін де атап өткен жөн. Каменный Брод орта мектебінде оқып жүрген кезінен-ақ Эльмира футбол ойнауға құмар болады. Ауыл балаларымен бірге аудандық қыздар футболында талай мектеп намысын қорғағандардың бірі. Үздік ойыншы атанған қазақтың қаршадай қызы аудан құрамасында облыс көлеміндегі талай жарыстарға қатынасқан. Әкесінің айтуы бойынша Эльмира бала күнінен ер мінезді, қайсарлы, спортқа жақын болып өседі.

Аталмыш ауылдағы орта мектептің директоры Айжан Сыздықова Эльмираның мектеп қабырғасында оқып жүрген кезінде оқу мен спортты бірге ала жүре, өзінің алдына қойылған мақсатына жету жолында тынымсыз еңбектенетінін мақтаныш сезіммен еске алады.

Эльмира отбасында үш қыздың ортаншысы. Үлкені Гүлмира – тұрмыста, одан кейін Эльмира және кіші сіңлісі Дәмелі, ол да әпкесін қолдау үшін Рио Олимпиадасына



(5-і орын) қатысушысы (2013), «Александр Медведь» Гран-при турнирінің күміс жүлдегері (2014), Азия чемпионатының қола жүлдегері (2014), «Сассари Сити» турнирінің күміс жүлдегері (2014), «Poland Open» турнирінің қола жүлдегері (2014). ҚР спорт шебері. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері.

- Биылғы жыл Эльмира үшін аса табысты жылдардың бірі болды - дейді әкесі Әнуарбек Сыздықов. Алдымен ол Иван Ярыгиннің жүлдесі үшін өткен Гран-при турнирінде топ жарса, одан кейін Азия чемпионатында тағы да күміс жүлде иеленеді. Ал үстіміздегі жылдың наурыз Астанада өткен лицензиялық турнирде сәтті өнер көрсеткен Эльмира Рио-2016 Олимпиадасының жолдамасын жеңіп алады. Жалпы, Эльмира 69 кило салмақта еліміз бойынша өзінің мықтылығын кілем үстінде талай мәрте дәлелдейді. Ол Тараз қаласында өткен Қазақстан чемпионатында өз салмағындағы 14 балуанның ішінен үздік шығады.

Эльмира Сыздықова – спортпен бірге білімді де қатар алып жүрген ақылды қыздардың бірі. Ол Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың дене тәрбиесі және спорт факультетін тәмамдаған. Қазір Қарағанды экономикалық университетінің студенті.

Міне, аз уақыт ішінде қол жеткізген табысты жетістіктерін саралай келе, болашақта қаршадай қазақ қызының талай әлемдік жарыстарда еліміздің көк байрағын сан мәрте желбірететініне сеніміміз мол.

Біз де Эльмира қарындасымызға әлемдік додалы белде-сулерде тек қана жеңіс тілейік, ағайын!

Бағлан ҚОЖАҚОВ.

Суреттерде: Эльмираның ата-анасы Әнуарбек Сыздықов пен Мәрзия Юсенбаева, бауыры Қорғанбек және тәтесі Айжан Сыздықовалар аудан басшысымен бірге (жоғарыда), Рио Олимпиадасының қола жүлдегері Э.Сыздықова (төменде).

Жоғарыдағы суретті түсірген автор.

30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні

АТА ЗАҢ - ЕЛДІГІМІЗДІҢ ЕНЕСІ



Биыл қолданыстағы Ата Заңның қабылданғанына 21 жыл толады. Конституция -әрбір елдің заңдарының көшбасшысы, негізгі заңы. Біздің мемлекетіміз де тәуелсіздік алғаннан кейін өзінің басты заңын қабылдап, егемендігін әлемге паш етті. Тәуелсіз мемлекетіміздің тұңғыш Ата Заңы 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданды. Араа екі жыл салып 1995 жылдың 30 тамызында еліміздің жаңа Конституциясы қолданысқа енді.

Ата Заңымыздың бірінші бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады. Оның ең қымбат қазынасы-адам және адам өмірі, құқықтары мен бостандықтары» делінген. Конституциямыздың әр бабында адам құқықтары мен бостандықтарына кепілдік береді. Еліміздің әрбір азаматы өз бостандықтары мен құқықтарын сот арқылы қорғауға құқылы Заң мен сот алдында бәрі тең. Әркім өзінің жеке басы бостандығына құқығы бар. Адамның қадір-қасиетіне, жеке өміріне, тұрғын үйіне қол сұғылмайды. Әркімнің ар-ождан бостандығы қорғалады. Мәншікке, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі. Бас заңымызда «Азаматтардың тікелей немесе өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға құқығы бар» деп атап көрсетілген.

Осы жерде тілге тиек етерлік жайт, еліміздің Ата Заңы әлемдегі ең жас Конституциялардың бірі болып саналады. Соның дәлелі десек те болар, бүгінде бүкіл мемлекеттік құрылымды айғақтайтын, елдіктің бастауы болып табылатын құжат 21 жасқа толғалы отыр. Әрине, тарих ауқымымен айтқанда, бұл азынша ғана мерзім. Десе де, осындай алмағайып заманда Қазақстанның Конституциясы уақыттың сынынан сүрінбей өтті, өзінің заман талабына лайықтығын жан-жақты дәлелдеді.

Конституция-Қазақстан Президентінің бейбітшілік пен келісімді нығайтудағы, мемлекеттік билік пен басқаруды жүйелеудегі, түрлі саладағы түбегейлі реформаларды орындаудағы, демократиялық институттарды дамытып, әлеуметтік жаңғыртуды жүзеге асырудағы нық қадамдарының берік тұғырнамасы.

Ата Заңның принциптері мен ұстанымдарына сәйкес, қол жеткізілген табыстар мен болашақ мақсаттар, әсіресе, Елбасы ұсынған 5 конституциналды реформасы мен сол реформаларды жүзеге асыруда «100 нақты қадам – Ұлт жоспарының» жасалуының маңызы зор. Елбасының «Мәңгілік ел» жолындағы стратегиялық тапсырмаларын сапалы заңнамалық қамтамасыз ету бағытында атқарылуы тиіс жұмыстарды ел болып жүзеге асыруымыз қажет.

Конституцияның қабылдануымен қатар елімізде біртұтас сот жүйесі құрылып, судьялардың тәуелсіздігі заңды түрде қамтамасыз етілді. Конституция принциптері негізінде «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық заң қабылданып, судьялардың тәуелсіздігі алғашқы орынға қойылды.

Қазақстандағы құқықтық жүйенің қалыптасуы елімізде құқықтық мемлекет құру мақсатымен ұштастырылуда. Конституция еліміздегі әрбір адамның құқығы мен заңды мүдделерін қорғауға кепілдік берсе, сот билігі Конституциядан бастап барлық заң актілерінің бұзылмауына және бұлжытпай орындалуына жол ашады. Сот жүйесінің дәл қазіргі уақыттағы жеткен басты биігі –халықтың сотқа деген сенімінің артуы. Сондықтан, сот жүйесінің одан әрі жетілдірудегі басым бағыттарының бірі- соттың ашықтығы, жариялылығы болып қала бермек.

Біздің міндет - Конституцияға аса ұқыптылықпен қарап, елімізді, тарихымызды, жетістіктерімізді қалай құрметтесек, оны да солай құрметтеу. Конституцияны сыйлай білмесек, оның талаптарын мүлтіксіз орындай алмасақ, онда қоғамдық келісімге, тәртіпке, бейбітшілікке және тыныштыққа жету мүмкін емес. Олай болмағанда Отанның ырыс-берекелі болашағы туралы айтудың қажеті жоқ. Қашанда Конституция - біздің тірегіміз, қадірлеп-қастерлейтін асыл құндылықтарымыздың бірі.

Ажаргүл ШӘМШІНҰРОВА,
Айыртау аудандық сотының төрайымы.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Қазақстан Республикасы жас мемлекеттердің бірі болып саналады. Ағымдағы жылы Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығын атап өтуге біртұтас ел болып дайындалуда.

Жас мемлекетіміздің кемелді ағымдағы кезеңінде көш бастаған мемлекеттердің қатарында көрінуі тыңбай еңбек ету және шынайы патриотизмнің нәтижесі деп ойлаймын.

Азаматтылық пен қазақстандық патриотизм қазақ халқында тарихи кезеңінен бастап жас жеткіншектердің тамыр-қанына сіңген сезім. Патриотизмге баулу, Отанға деген сүйіспеншілікті, ар-намыс тәртібін ұялтады.

Елге деген құрмет патриотизмі Қазақстан Республикасының заңдарына және мемлекеттік рәміздерін құрметтеуді қалыптастыру біздің Ата Заңымызбен бекітілген.

Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсанда өз Тәуелсіздігіне қол жеткізіп, ел болып, ұлт болып қалыптасуға ұлы қадам жасады. Тәуелсіздігіміздің шынайы бейнесі ретінде Ата Заңымыз 1995 жылы 30 тамызында қабылданды. Ата Заңымыз барлық заңдардың алдыңғы бастамасы, ол – көп ұлттардың басын қосатын ортақ шаңырақтың астына жинап, елге деген, жерге деген, ауызбіршілікке, патриотизм сезіміне баулауды алға тартады.

Ата Заңымызға келетін болсақ, ол - 9 бөлімнен 98 баптан тұрады, қоғамдық және мемлекеттік құрылыс негіздерін, мемлекеттік органдар жүйесін, олардың түзелу реттілігі мен қызметін, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын мемлекеттік заң. Оның 1-ші бабының 1-ші бөлімі келесі мән-мазмұны бойынша «Қазақстан Республикасы демократиялы, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырып, оның ең қымбат қазынасы, жат еліне, ұлтына, жынысына, дініне назар аудармай ортақ елімізде өмір сүретін – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтарына зейін қойды. 2-ші бөлімі, Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістерімен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешуімен баяндалған».

Конституция мемлекетіміздің тарихи дамуының негізі ретінде ғана танылып қоймай, ол барлық заңдардың бастауы болып табылады. Ата Заңымызда адамның жеке бас бостандығы, жеке өміріндегі құндылығы, сондай-ақ билік тармақтарының қоғамдағы рөлі айқын тұжырымдалған. Ата Заңымыз біздің саяси, мәдени, рухани және экономикалық дамуымыздың құқықтық қайнар көзі ретінде танылған және еліміздің дамуына жол ашып, жаңа тәуелсіз мемлекет буынының бекуіне себеп болды.

Біз Қазақстан Республикасының жастары – еліміздің болашағын нық қалайтын еңбек күшіміз. Еліміздің өркендеуіне ат салысудан бұрын, бізде елге деген, Ата Заңымызға, мемлекеттік рәміздерге, тілге деген құрмет сезімі жүректерімізде қалаулы орын иеленуі тиіс.

А.БЕЙБІТҚЫЗЫ,
ҚР БП ҚСЖАЕАК
СҚО бойынша Басқармасының статисі.

Мереке мезеті



СПОРТ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін бәріміз білеміз. Спортпен айналысқан адамның дені сау, қимылы ширақ болатыны да рас. Біздің ата-бабаларымыз «Дені саудың – жаны сау» деп бекер айтпаған. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасында да халықты салауатты өмір салтына ынталандыруды басым бағыттың бірі ретінде атап көрсеткен болатын. Осы орайда тамыздың 23-і күні Спорт күніне арналған аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында салтанатты марапаттау жиыны болып өтті.



Аталмыш мерекемен құттықтаған аудан басшысы Ағзам Тастеміров ауданымыздағы спорт саласындағы атқарылып жатқан толағай жетістіктерге ризашылығын білдірді. Жыл сайын спорттық нысандар қалпына келтіріліп, жылдан-жылға спортпен шұғылданушылардың санының артып отырғанын айтты.

Дәстүрлі түрде жыл сайын өткізілетін Спорт күні спортшылар мен жаттықтырушылар үшін ғана емес, спорт және салауатты өмір салтын жақтаушылардың әсемдік және денсаулық мерекесіне айналды. Биылғы спорт мерекесі «Рио-2016» Олимпиадасының қорытындысы мен егемендігіміздің 25 жылдық мерейтойы аясында өтуімен елеулі.

Олимпиадалық ойындарға қатысқан Қазақстанның құрама командасы жалпыкомандалық есепте 22 орын алып, 17 медальмен оралды. Қазақстандық спортшылардың көрмек спорттық жетістіктері - қажырлы еңбек пен жоғары шеберліктің жемісі. Барлық Олимпиада жеңімпаздары сүйікті Отанымыз - Қазақстанның әлемдік мерейін көтеріп, отандық спорт мәртебесін асырып, еліміздің мақтанышы болды. Өңіріміздің жерлес спортшылары Дариға Шәкімова

мен Эльмира Сыздықованың қола жүлделі жеңістеріне ете қуаныштымыз. Әсіресе, өзімізге ең жақын жерлес спортшымыз - Эльмира Сыздықова жанымызды үлкен спортқа жадыратып, шынайы мақтаныш сезіміне бөлейді - дей келе спортшыларды айтулы кәсіби мерекелерімен құттықтады.

Мерекелік құттықтаудан кейін Ағзам Ахметжанұлы Рио Олимпиадасының қола жүлдегері Эльмира Сыздықованың әкесі Әнуарбек Сыздықова сахна төрінде құрмет көрсетті. Сонан соң дені сау ұрпақты тәрбиелеуде қосқан зор үлесі, жоғары нәтижелерге жеткені, спорттағы биік кәсіби жетістіктері үшін және Спорт күнін атап өтуге байланысты аудан әкімінің Құрмет грамоталарымен және заттай сыйақыларымен

Лобаново орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Анатолий Журавельді, «Надежда» облыстық спартакиадасының бірнеше мәрте жүлдегері Елизавета Ляхованы, ауданның БЖСМ еркін күрес бойынша жаттықтырушысы Әлихан Жүнісовті, еркін күрес бойынша спорт шеберіне үміткер Ұлан Төлеңдинованы, ауданның БЖСМ хоккей шайбасы бойынша жаттықтырушы-мұғалімі Александр Кузьминді және ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы Гүлмира Шонабаеваларды марапаттаса, Дәуқара орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Ер-

бол Қимановқа, облыстық велоспорт жарыстарының бірнеше мәрте жүлдегері Анна Лунинаға, облыстық дейбі жарыстарының бірнеше мәрте жүлдегері Лариса Полишқа және облыстық еркін күрес жарыстарының бірнеше мәрте жүлдегері, еркін күрес бойынша спорт шеберіне үміткер Айзат Қараболатовтарға аудан әкімінің Алғыс хаттарын және сыйлықтарын табыстады.

Сондай-ақ аудан басшысы ауданның спорт саласында ұзақ жылдар қызмет атқарған ардагер спортшыларды да қошеметтеп, арнайы бағалы сыйлықтарын табыстады.

Салтанатты мереке барысында сөз алған ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Рүстем Дәулетов аудан спортшыларын мерекемен құттықтап, дене шынықтыру және спорт бөлімінің грамоталарымен бір топ спортшыларды марапаттады.

Спортшылар мерекесі ауданның көркемөнерпаздар ұжымының күшімен дайындалған шағын концертпен жалғасты.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суретті түсірген автор.

Аудан егінжайларында

«САМПО АЗИЯ» ЕГІСТІК АЛҚАБЫНДА

2015 жылы Петропавл қаласындағы «ҚазТехМаш» машина жасау зауытында шығарылған «Сампо Азия» жаңа астық жинайтын комбайны таныстырылған болатын.

Содан бері аталмыш комбайн өңіріміздің егін ору науқанында қызмет атқарып келеді.

Бұл машина «Джон дир», «Класс» комбайндарынан кем емес. Комбайн 6-клавишалық, тоғыз метрлік жатқамен астықтың 30 пайызға дейінгі ылғалдылығы жағдайында жинай алады. Қозғалтқышы финляндиялық - 260 аттың күшіне тең.

Бүгін, тамыздың 23-і күні «Нижний – Борлық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің егістік алқаптарына екі «Сампо Азия» комбайндары келді. Серіктестік басшысы, облыстық мәслихаттың депутаты Сәйілбек Махметов жаңа комбайндардың көлуімен егістік алқабында 15 комбайнның жұмыс істеп жүргенін жеткізді. Отандық «Сампо Азия» комбайны 4 сағаттың ішінде 80 гектар алқаптың дөңді-дақылдарын жинай



алады. Сәйілбек Ғазизұлының айтуынша алдағы орақ науқанын шаруашылықтың озық техникаларының және майталман диқаншыларымыздың тынымсыз

қажырлы еңбектерінің арқасында шашусыз дер кезінде жинайтында-рын айтты.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суретті түсірген
Наталья ЕРЕМЕНКО.

Біздің жеңіс!

АЙЫРТАУ АПБТ КӨШБАСЫНДА



Өткен аптада облыс орталығы Петропавл қаласында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы және Солтүстік Қазақстан облысының 80 жылдығына орай «Қазпошта» АҚ Солтүстік Қазақстан облыстық филиалдарының арасында өткен облыстық спартакиадада Айыртау аудандық пошта байланысы торабының қызметкерлері жеңіспен оралды. Волейбол футбол гир спорты, ұзындыққа секіру, арқан тарту жарыстары

бойынша облыстың он алты команда-сы арасынан біздің пошташылар оза шауып, жеңіс тұғырына көтерілді.

Аудандық пошта байланысы торабының басшысы Қанат Мырзағұловтың басшылығымен команда мүшелері Күлзия Рахмалына, Валентина Радионова, Орал Байжігітов, Ербол Хасенов, Асхат Қаблақатов, Дания Малаев, Талғат Мұқановтар жүлделі І орынды абыроймен қорғай білді.

Спартакиада жеңімпаздары арнайы кубокпен, спорттық киімдермен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Ауданымыздың пошта байланысы қызметкерлері жыл сайын облыстық спартакиаданың бас жүлдесін еншілеуде.

Бағлан КЕНЖЕБАЙҰЛЫ.

Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы

Жас тәлімгер – АЛЕКСАНДР ПОНАМАРЕВ

Қазіргі кезеңдегі ең өзекті мәселенің бірі – бәсекелестікке қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатындай кәсіби мамандар дайындау. Сондай жас мамандардың бірі – «Жарқын СК» ЖШС-нің жас бас инженері Александр Понамарев деп айтсам, артық айтқаным болмас.



2010 жылы Көкшетау қаласының Ш.Уәлиханов атындағы университетін инженер мамандығы бойынша тәмамдаған жас маман алғаш еңбек жолын «Рамут» корпорациясына тиесілі «Жарқын СК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде эксплуатация жөніндегі инженер болып бастайды. Жаңа ғана еңбек жолын бастаған жас маманның кәсіби шеберлігін аңғарған серіктестік басшылығы оны бас инженер лауазымына ұсынады. Міне, содан бері Александр Федорович алты жыл аталмыш серіктестіктің бас инженері қызметін атқарып келеді. Жылдар өте келе Александр ауыл шаруашылығы саласында шыңдалып, мол тәжірибе жинақтайды. Жоғарғы оқу орнында оқып жүргеннен-ақ білім қазығын мықтап игерген болашақ инженер, серіктестікке жұмысқа келгенінде алғаш рет жоғарыөнімді «Джон Дир» маркалы шетел комбайнын көреді. Алғашында сескене қараған жас маман оның тілін де тез арада меңгеріп алады. Қазіргі кезде бас инженер «Джон Дир», «Клаасс», «Челенджер» комбайндары мен егу кешендерінің қосалқы бөлшектерін кәсіби деңгейде бұзып, оны қайта жинай береді.

Өзінің еңбек жолында Александр Лобаново ауылындағы ауыл шаруашылығы колледжінің түлектеріне мол тәлім беруде. Алғашында бас инженердің Лобаново ауыл шаруашылығы колледжі студенттерін тәжірибеге баулу туралы ұсынысын серіктестік басшысы Азамат Елмағанов бірден құптайды. Басшы келісімін берген соң, Александр Лобаново ауыл шаруашылығы колледжі әкімшілігімен, студенттерімен кездесіп, өзі қызмет ететін шаруашылығы жайлы баяндайды. Сол жылы орақ науқанына колледждің 6 студенті тәжірибеге келеді. Оның төртеуі – ер бала комбайнерлердің көмекшісі қызметін атқарса, 2 қыз бала аспаздыққа орналасады. Келесі көктемгі егістік жұмыстарына 15 студент (1 топ) тәжірибеден өтуге келеді. Бұл шаруашылықта колледж студенттері ауыл шаруашылығы саласының қыр-сырын меңгеріп, техникада мол тәжірибе жинақтайды.

Еңбек адамы

ОЗАТ МЕХАНИЗАТОР

«Рамут» корпорациясының құрамына кіретін «Жарқын СК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің диқаншылары орақ науқанына алғашқылардың бірі болып кіріскен еді.



Көктемгі егістік науқанында 15400 гектарға дән сіңірген серіктестік ұжымы күзгі орақ науқанын қызу жүргізуде. Серіктестікте өз ісінің майталман диқаншылары да жетерлік. Солардың бірі – Жасұлан Жапаров.

Оның бұл салада еңбек еткеніне 32 жылдан астам уақыт өтіпті. Ол қазіргі кезде өзінің қажырлы еңбегімен шаруашылықтағы кейінгі буын жастарға үлгі болуда. Қарақамыс ауылының тумасы Жасұлан Жаңбыршыұлы көп жылдардан бері механизатор болып істеп, 1995 жылдан «Жарқын СК» ЖШС-де күзгі жиын-терінде жоғарыөнімділікті «Челенджер» комбайнымен алтын астықты жинаса, көктемгі егіс науқанында «Боллер» себу кешенімен жерге дәнді сіңіреді.

Осының барлығының қасында үнемі бас инженер Александр Понамарев жүреді. Өнеркәсіп тәжірибесінің мерзімі аяқталған соң, тәжірибеден өтуші жастар ауыл шаруашылығы саласына қызығушылық танытқан серіктестіктің бас инженері Алаксандр Федоровичке еңбек майданындағы жетістіктері мен тәлімгерлігі үшін Алғыс хат табыстайды.

Жылдар өте келе колледж курсын тәмамдаған жас түлектер – Филипп Крель, Артем Марченко, Игорь Несневич, Виктор Скворцов, Бетима Қаражановалар алғашқы еңбек жолдарын «Жарқын СК» серіктестігінде бастайды.

Солардың бірі – Филипп Крель. Ол осы Светлый ауылында тұрақтанып, баспаналы болады. Қазіргі кезде зайыбы Бетима Крель (Қаражанова) екеуі отбасын құрып, Эллина есімді қыздарын тәрбиелеуде. Филипп болса, шаруашылықтың астық қырманында телескопиялық арту кешенінде жұмыс істейді. Қырман басына барып Филипп Крельмен болған әңгімеде ол өзін еңбекке баулыған тәлімгері Александрға ризашылығын білдіруде болды.

Ал 19 жасар Виктор Скворцов болса, сол шаруашылықта техника саласын жетік меңгерген жас комбайншылардың бірі. Ол да Светлый ауылына тұрақтап, шаруашылықта қызмет етуде.

Қырман басындағы жұмыс барысында Филипптің техникамен жұмысына үнемі қадағалап отырып, кеңес беретін оның тәжірибелі серіктесі Бауыржан Шымболатов та көп жылдар бойы осы салада қызмет атқарып келе жатқан білгір механизаторлардың бірі.

Техникамен жұмыс барысында Александр үнемі шәкірттеріне әлі де болса ақыл-кеңестерін беріп отырады. Филипп сияқты қиыншылықта өткен жас жеткіншектерді дұрыс жолға бағыттай білген жас тәлімгердің де еңбегі ұшан-теңіз екенін айта кеткен жөн. Өйткені колледжді бітірісімен «қайда барамын» деп дел-сал болған жеткіншектерді ауылға бұру, ауыл шаруашылығы саласына мамандардың ауадай қажет екенін түсіктеріне жеткізе білген Александрдың ерлігі ауыз толтырып айтарлықтай.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.

Суретте: солдан оңға қарай – тәжірибелі механизатор Б.Шымболатов, жас маман Ф.Крель және серіктестіктің бас инженері А.Понамарев.

Суретті түсірген автор.

Озат механизатордың еңбек-сүйгіштігі, біліктілігі, тиянақтылығын өзімен қатарлас жұмыс істеп жүрген әріптестері жоғары бағалайды. Серіктестік басшылығы тарапынан жыл сайын орақ науқанының қорытындысы бойынша Жасұлан Жапаров бірнеше мәрте корпорацияның грамоталарымен, Алғыс хаттарымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталуда.

Тәжірибелі механизатор Жасұлан Жаңбыршыұлы ауа райының ашық күндерінде орақ науқанын ойдағыдай аяқтау – біздің басты міндетіміз дейді.

Танап басында кездескен Жасұлан Жапаровқа «Еңбек адамы деген кім, ол қандай адам болуы керек?» деген сауалыма ол былай деп жауап берді:

- Бүгінгі заманда еңбек адамы дегеніміз, ең алдымен, менің ойымша, таза жұмыс істейтін адам. Өзінің табысын мандай терімен табатын, жанын салып жұмыс істейтін адамды еңбек адамы деп есептеймін. Ол - дихан бола ма, ол - малшы бола ма, ол - жазушы бола ма, ол - өнер адамы бола ма, актер бола ма, бәрібір. Ол мандай терін салып жұмыс істейі керек. Шығармашылық дарынды, талантты болуы керек. Еңбек адамы деген тек қана диханды, шопанды ғана білдірмейді. Еңбек адамы деген кез келген салада болу керек - деген ойымен бөлісті.

Бағлан КЕНЖЕБАЙҰЛЫ.

Суретте: озат механизатор Ж.Жапаров.

Суретті түсірген автор.

БІЗБЕН ӨЗ КӘСІБІҢІЗДІ ДАМЫТ



«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жұмыспен қамту орталығы» ҚММ-сі жеке тұлғалар мен кәсіпкерлерді «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында кәсіпкерлікті дамытуға арналған шағын несиепәузе қатысуға шақырады.

Бағдарламаның осы бағыты ауыл-да кәсіпкерлікті ынталандыру, жеке ісін ұйымдастыру арқылы азаматтардың экономикалық белсенділігін арттыруға бағытталған. 3 миллионға дейін шағын несие беру арқылы инфрақұрылымды және тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту, сервистік қызмет көрсету және жеке кәсіпкерлік қызметті қолдау болып табылады.

Шағын несие ауылды елді мекендердің тұрғындарына 5 жыл мерзімге дейін 3 миллион теңгеге дейін жылдық 6 пайыз көлемінде беріледі.

Біздің мекенжайымыз: Саумалкөл ауылы, Ш.Уәлиханов көшесі, 42 үй, 2 қабат. Телефон: 22-0-77. «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жұмыспен қамту орталығы» ҚММ-сі.

Кездесу

АДАСҚАН АҒЫМ ОРҒА ЖЫҒАДЫ

Өткен сәрсенбі, тамыздың 17-і күні ауданымызда «Демеу» балалар мәселелері жөніндегі үйлестіру орталығы» жекеменшік коммерциялық емес мекемесінің өкілдері Карасевка, Лавровка, Қаратап, Казанка және Саумалкөл ауылдарының тұрғындарымен кездесу өткізді.

Кездесудің мақсаты – Солтүстік Қазақстан облысы дін істері басқармасының әлеуметтік тапсырыс аясында тұрғындар арасында діни экстремизмнің алдын алу болып табылады. Аталмыш орталықтың директоры Жұлдыз Сәттарова, лекторлар Ақжол Саматұлы мен Әзиза Жұмағалиевалар Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына сүйене отыра, өмірдегі орын алған теріс ағымдағы оқиғалар желісін мысалдармен дәлелдей келе, теріс бағыттағы діни ағымдардың шырғауына түсіп қалмауы жөнінде нақты нұсқаулықтар берді.

Кездесуге жиналған жұртшылықпен өткізген дәрісте тәжірибелі психолог-лекторлар аудиторияны өздеріне баули білді. Дәріс соңында тұрғындармен сауалнамалар жүргізіліп, аталмыш тақырып төңірегінде пікір алмасты.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.

Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты хабарлайды

Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппараты басшысының 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 15 бұйрығымен әдеп жөніндегі үекілдің функциясы облыс әкімі аппараты құрылымдық бөлімшесінің басшысы - мемлекеттік-құқықтық бөлімінің меңгерушісі Юрий Альбертович Наумочкинға жүктелді.

Мекенжайы: СҚО., Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 58 үй, 422-кабинет.

Байланыс телефондары: 8(7152) 34-02-11, +77015242289, +77773248325.

Электрондық пошта мекенжайы: UNaumochkin@sko.kz.

Мемлекеттік қызметшілерді және азаматтарды қабылдау кестесі - әр айдың әр бейсенбі күндері сағат 15-00-ден бастап жүргізіледі.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті (бұдан әрі – Комитет) 2016 жылдың 20 сәуірінен бастап, 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған қаржыны заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңына (бұдан әрі - АЖ/ТҚ Заң) өзгерістер енгізіумен байланысты, қаржы мониторингі субъектілерінің тізімінің кеңейтілуі туралы хабарлайды.

АЖ/ТҚ Заңының 3-бабы 1-тармағы келесі мазмұнмен 13), 14), 15), 16) және 17) тармақшаларымен толықтырылды:

- лизинг беруші ретінде лизингтік қызметті лицензиясыз жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар;
- ломбардтар;
- бағалы металдармен және асыл тастармен олардан жасалған зергерлік бұйымдармен операцияларды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар;
- жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату мәмілелерін жүзеге асыру кезінде делдалдық қызметтер көрсететін дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар;
- төлемдер қабылдау бойынша операторлары.

Адвокаттарды қоспағанда, АЖ/ТҚ Заңының 3-бабы 1-тармағының 7), 12), 13), 14), 15) және 16) тармақшаларында көрсетілген қаржы мониторингі субъектілері «Хабарламалар нысандарын және Мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидаларын бекіту туралы, сондай-ақ хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығына сәйкес, Комитетке, қызметті жүзеге асыруды бастағаны немесе тоқтатқаны туралы хабарлама жіберуге міндетті.

